



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

қабылдаған жоқ.

1944 жылы күзінде премьер-министр Койсо Англиямен бейбітшілікті нейтралдық Швейцария арқылы жүргізуге ұмтылды.

Үздіксіз одақтас армияның әуеден бомбылау, құрлықтық соғысынан қатты зардап шеккен жапон үкіметі тізе бұгуден бас тартты. АҚШ ескертулердің сәтсіз болуына байланысты адамзат тарихында алғаш рет атом бомбасын қолданды.

1945 жылы 6 тамыз және 9 тамызда АҚШ әуе күштері Хиросима, Нагасаки қалаларына атом бомбасын тастады. 15 тамызда Жапон үкіметі соғысты тоқтатып, 2 қараша күні Токио бұғазында Линкор «Миссури» соғыс кемесінде «шартсыз тізе бүгу келісіміне» қол қойды[3]. Жапония ешқашан басқа елдерге соғыс ашпауға және сыртқы-ішкі саясатта АҚШ тың бақылауында болуға мәжбүр болды.

Қолданылған әдебиет:

1. История дипломатии, т. 4, М., 1975, с.284-285
2. Евстигнеев В.Н. Разгром империалистической Японии на Дальнем Востоке в 1945г. – М.: ВЛАДОС, 2001. – 212 с.

ӨОЖ 37. 014(510)(091)

КӨНЕ ДӘУІРДЕГІ ҚЫТАЙ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕИЯСЫ

Кәкешқызы Ләлә

526Lala@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
6M020900 Шығыстану мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент А.М. Азмуханова

Қытай ағартушыларының мәдени, философиялық сарындағы тоғысқан еңбектері мен трактаттары адамды, жас ұрпақты қалыптастырып, білім берудегі қызметі орасан зор. Шығыс әлемінің бір ерекшелігі сол- ол адам мен табиғатты біріктіріп, үйлесімде дамығанын көздейді. Шығыс ағартушыларының білім берудегі негізі қағидаларын көне Қытай мәдениетінен қарастыруды жөн көрдік.

Шығыс әлемінің ерекшелігі – Шығыс бір-бірінен сусындап, нәр алып отыратын дүние. Қытай ағартушыларының білім берудегі негізгі қозғаған мәселелері білім, тәрбие, ақыл-ой, этикаға негізделген еді, Ұлы Шығыс ағартушыларының аталған қызметтері арқылы біз оларды өз дәуірлерімен қарастырамыз.

Қытай ағартушылық тарихы. Қытай – көне тарихтың, мәдениеттің, философияның елі мен жері. Мамандар Қытай өркениетінің басталуын ся дәуіріне, яғни б.д.д. III – II мыңжылдықтың саясына жатқызады. Б.д.д. XVII-XIIғ.ғ. Шан-Инь мемлекетінде қола мәдениеті дамиды, шаруашылықтың құлдық қоғамдық түрі жетілді. Шан-Инь дәуірінде Қытайда алғаш жазу пайда болған. Ежелгі Қытай тілінің грамматикасы қалыптаса бастаған. Шан-Инь қоғамының саяси билігі ван топтары арқылы жүргізілді. Ван шаруашылық мәселесіне де, әскери, діни билікте де ең жоғарғы басшы болды. Ванның билігін шандықтар дәріптеп, оны тәңірге теңеген. «Шан-ди» деген титулға ие болған ван өзін «Мен-адамдардың арасындағы ерекше жаратылыспын. Жалғызбын» деп жариялады. Шан — жер кіндігінің Ұлы қаласы, Қытай — жердің Ұлы орталығы деген уағыздар таралды. Өте көне дәуірде, аспан мен жер де болмаған заманда, әлем түрсіз хаосқа ұқсаған. Қытайдың көне текстері – философиялық толғаныстың шежіресіндей. Көне текстерде «Өзгерістер кітабында» («И цзин»), «Өлеңдер кітабында» («Ши цзин»), «Тарих кітабында» («Шу цзин») және т.б. ертедегі мифтер мен рухани қайнар көздерге толы шығармалар болып табылады.

Қытай ағартушылығының кезеңдері:

Көне заман

Жаңа заман

1.Көне заман кезеңдері

Көне заман кезеңдері 6 бөлікке бөлінеді.

- 1.Ежелгі дәуірдегі ағартушылық саласы.
- 2.“Чүн чу жанго” кезеңіндегі мектептер мен ағартушылық саласы.
- 3.“Чин чы хуаң нән афин соғысы” алдындағы ағартушылық дамуы.
- 4.“Чиң хан ви жин” 800 жылдық ағартудағы ағартушылық кезеңі.
- 5.“Таң суң мин” 1000 жылдан астам ағартушылық даму саласы.
- 6.“Мин мо чиң чу” ағартушылықтық шарықтау кезеңдері.

Бірінші бөлімнен үшінші бөлімге дейін басты Қытайдың көне дәуірінен “Афин соғысы” алдындағы мектептегі ағартушылықтың даму жағдайы айтылады.Төртінші бөлімнен алтыншы бөлімге дейін бүкіл бөлімде басты Қытайдың көне дәуірдегі әйгілі ағартушылардың идеялары мен ұсыныстары айтылады.

Қытай елі әлемдегі ағарту саласын басты орында ұстанатын елдердің қатарына кіреді.Қытайдың көне ағартуы мен ағарту идеясы неше мың жылдан астам.Ол қоғамдық шарттарымен және өмірдегі ортаның өзгеруіне байланысты дамып отырады.Осыған орай Қытай елінің ата бабалары ерте заманнан ағарту саласын маңызды орынға ұстаған.Сондықтан 4000-5000 жылдан бұрын ұйымдастыратын ағарту қимылы ертегіде айтылған Фу ши, Фын нуң, Хуан ди, Яу, Шүн қатарлы Қытай елінің ең ертедегі ағартушылары қатарына жатқызуға болады.Көне ағарту ағартушылықтың мазмұнында ерекшеліктер бар.

- 1.Басты еңбек тәжірибесінен алынады.
- 2.Соғыстың адамзатқа келтірген зиянынан алынған тәжірибе.
- 3.Діндік әуеннің және салт-дәстүрден алынған тәжірибе.

Қытай елінде ағартушылық идеясы “Чаң кітабы, Жу кітабы” ішіндегі Чизы жу куннын ағартушылық идеясы жүйелі түрде қалыптаспаған. Нақты жүйелі түрде қалыптасқан ағартушылық идеясы Конфуций идеясынан басталған. Одан кейін Мозыцы, Мыңцызы, Чункуан.“Чүн чу жанго” дәуіріндегі Конфуцийзм идеясы дамыған кезеңі және де көне дәуірдегі Хуа ча ұлт мәдениетінің ағартушылық идеясы кіреді.Қытайдың көне дәуір ағартушылық идеясының төртінші, бесінші, алтыншы бөлімінде ашық көруге болады.

Шығыс әлемінде Қытай мәдениетінің дамуында б. з. б. 551-479ж.ж. өмір сүрген Конфуцийдің атқарған рөлі ерекше. Оның ұстанған жолы әділеттілік, табиғатты сүю, әдет-ғұрыпты сыйлау, сақтау Конфуцийдің «Лунь Юй» еңбегінде жинақталған.Соның ішінде басты назар этикаға, адамгершілік, білім мәселелеріне аударылады.

Білім, этика, тәрбие туралы ол өз шығармасының I тарауында Бекзат кісі дегеніміз кім деген сауалға жауап іздейді, сонда ол -«Бекзат кісі үш жағдайда үрейді сезінеді: көк аспан қаһарына ұшырағанда, ұлы адамдар алдында және ділмәр даналардың сөзін есітерде іштей жиырылады»

Кун-цзы айтты: - «Кім туа біткен білімдерді иеленсе, ол бәрнен де жоғары, одан кейінгіге қиыншылыққа ұрынып, ілімге кіріскендер жатады. Кім қиыншылыққа ұрынса да, ілімді білуге талпынбаса, халық оларды ұсақ-түйек топқа жатқызады». Конфуцзы білім, этика тәрбие ұғымдарын бір-бірімен ұштастыра білген және басты назар этикаға, адамгершілік мәселелеріне аударады. Мысалы, «Жаңаны білу үшін ескіні зерттеу», «Ойлаусыз оқу -бекер іс, оқымай ойлану-бос әрекет, өзіңе қаламайтынжы басқаға жасама» деген болатын. Конфуцзы: -оқып, білгенінді дер кезінде үйрету – қуаныш деген осы емес пе.

Жас бүлдіршіндер үйде ата-аналарын құрметтеуі тиіс, түзде үлкендерді сыйлауы, сөзінде әділ, адамдарды шексіз сүюі, сөйтіп, адамсүйгіштерге жақындауы абзал-ақ.. Егер парыздарын осылайша орындағандардың ынта-ықылас басылмаса, оны Вэнь –мәдениетті оқуға жұмсауы қажет-ақ.

Кун-фуцзы(Конфуций)-ежелгі қытай данышпаны:

Кун-фуцзы б.з.б 551-479 жж өмір сүрді.Оның шын аты Кун-Цю.

Ол өз халқының салт-дәстүрін ,өлең-жырларын жақсы біліп өсті. Ол:

Балалықты тастадым, білім қудым он бесте,

Отыздарға келгенде кісі болу түсті еске.
Қырық жасқа келгенде ойдағы желді тастадым,
Елулердің кезінде аға бола бастадым.
Өтірікті шындықтан ажыраттым алпыста,
Жетпісімде жетіліп, қария болдым расында – деп жазады.
Жастар оны өз ұстазымыз деп есептеген. Оның өсиеттері
«Нақылдар» деп аталады.

Оған бір шәкірті «Жамандыққа жақсылық жасау керек пе?» деп сұрағанда, ол:
«Онда жақсылықтың төлемі қандай?

Жамандыққа әділдігіне қарай төлем жаса, жақсылыққа жақсылық жаса»-деген екен. Конфуций өзіне тән төл ілім жасамаған деген пікір қалыптасқан, ол Ежелгі Қытайдың бес **классикалық шығармасын** – [“Шуцзин”](#) (тарих кітабы), [“Шицзин”](#) (әндер мен гимндер кітабы), [“Лицзин”](#) (рәсімдер туралы жазбалар), [“Юэцзин”](#) (музыка туралы кітап), [“Ицзин”](#) (өзгерістердің канондық кітабы) жинастырып, қайта әңгімелеген және оларға түсіндірмелер берген. Осы ретте тұжырымдалған басты көзқарастары мен ілімі жайындағы мағлұматтар “Әңгімелер мен пайымдар” ([“Лунь юй”](#)) деген кітапта таратылып баяндалған. Бұл кітап Конфуций айтқан ойлар мен оның жақын шәкірттерімен және ізбасарларымен әңгіме-дүкенінің жазбасы болып табылады. Зерттеушілер Конфуцийдің жеке басына тиісті деп тек “Көктем мен Күздің, Лу мемлекетінің тарихы кітабына” түсіндірмелерін атайды. “Ұлы ілім” мен “Аралық туралы ілім” атты туындылар да Конфуцийдің өзінікі емес, ол тек мұның екеуін де қайта әңгімелеп берген деп саналады. Конфуций ілімінің өзіндік сипаты [антропоцентризммен](#), яғни адамды ғаламдық ғимараттың кіндігі және ең жоғарғы мақсаты деп білетін көзқараспен айқындалады. Конфуций ой-пікірінің негізгі мазмұны табиғат заңдарына сәйкес келетін, адамдардың бірлесіп өмір сүруіндегі парасатты реттілікті, тәртіпті қамтамасыз етудің аса маңызды шарттары болып табылатын қарапайым да ғаламат зор “5 ізгілікті” ұғындыруға арналған.

Конфуций [ғарыш](#) пен [әлемнің](#) пайда болуы, [эволюциясы](#) мәселелерімен әуестенбеген деген пікір бар, өйткені ол рухтар мен о дүние мәселесіне көңіл бөлмеген. Бұл Конфуцийдің: “Өмірдің не нәрсе екенін білмей тұрып, өлімнің не екенін білу мүмкін бе?”, – деген, сондай-ақ: “Адамдарға қызмет ете білмей тұрып, рухтарға қалай қызмет көрсетуге болады?” – деп түйген қағида іспетті ой-тұжырымдарынан аңғарылады. Ол адам проблемасына, оның ақыл-ойына, адамгершілік кескін-келбетіне мол көңіл бөлді. Конфуцийдің [саяси-этикалық](#) маңызды ұғымы – адамшылық, адамның әділ, ақжүрек болуы ([жэнь](#)). Ұлдың кішіпейіл болуын, ата-ананы, жалпы үлкен кісілерді сыйлап жүруін анықтайтын [“сяо”](#) тұжырымдамасы да осы қатарда. Бұл екі ұғым жасы үлкен мен орны жоғары адамдарға сый-құрмет көрсетіп отыруға, ел басына адалдыққа, т.с.с-ларға негізделген этик. және әлеуметтік қатынастар жиынтығын білдіреді. Ол “текте ерлерді” ([цзюнь цзы](#)) шешімді түрде “ұсақ пенделерге” ([сяо жэнь](#)) қарсы қойып отырған. Алғашқысы кейінгісін басқарып отыруға, оларға үлгі болуға тиіс деген. Конфуцийдің қазасынан кейін оның ілімі сегіз тармаққа бөлініп кетті. Олардың ішіндегі ең негізгілері идеалистік бағыттағы Мэн-цзы мектебі мен материалистік бағыттағы Сюнь-дзы мектебі. Бұл екі бағыт та Конфуцийдің шәкірттері Мэн және Сюньнің аттарымен аталады. Мэн-дзы Конфуций ілімдерін жинақтап, бір жүйеге түсірумен ғана айналыспаған, сонымен қатар, жаңа ойлармен толықтырып отырған. Мысалы, «адамның табиғаты тек жақсылықтан жаратылған» деген қағида Мэн-дзы философиясының негізгі өзегі болып табылады. Сюнь-цзы Конфуций іліміне материалистік нышан енгізген. Әлемнің негізі материалдық күш (ци) және оның екі түрі болады (инь және ян). Әлем өзінің табиғи заңдылықтары арқылы өмір сүреді, көк тәңірі - әлемнің құрамдас бөлігі ғана, оны зерттеп, сырын ұқса адамдардың мақсат-мүдделеріне пайдалануға болады, Бақытты, бақытсыз болу, сау немесе ауру, бай немесе қайыршы болу адамдардың өзіне ғана байланысты. Бұл тұжырым Абайдың ауруды жаратқан Құдай, бірақ нақты адамды ауру қылған Құдай емес; байлық кедейлікті жаратқан Құдай: бірақ белгілі бір адамды бай немесе кедей қылған Құдай емес, адамның бақытты яки бақытсыз болмағы

өзінен дейтін ойымен үндесіп жатыр. Конфуцийдің ілімін жалғастырған ағартушылардың бірі Сыма-Цянь.

Сыма-Цянь -қытай тарихының атасы: өмірбаяны, «Тарихи жазбалары» туралы.

Сыма Цянь (шамамен б.з.б. 140 – 86 ж.) — ежелгі қытай тарихшысы, әдебиетші. Қытай тарихнамасында іргелі еңбек саналатын “Ши цзидің” (“Тарихи жазбалар”) авторы. Әкесі Сыма Тань Хань әулеті сарайының басты жылнамашысы болған. Сыма Цянь жас кезінде император сарайында күзетшілік қызмет атқара жүріп, ғылыми жұмыспен айналысты. Б.з.б. 108 ж. әкесі қайтыс болған соң үш жылдан кейін, оның орнына императорлық архивке орналасты. Жаңа қызметте ол әкесі жоспарлап, жазуды бастаған қытай тарихындағы аса іргелі еңбекті әрі қарай жалғастырды. Б.з.б. 104 ж. “Тай чу ли” күнтізбесін жасауға ат салысты. Б.з.б. 99 ж. көшпелі суннулардан жеңіліс тапқан әскери қолбасшыға ара түскені үшін түрмеге қамалды.

Түрмеден шыққан соң, мемлекеттік кеңсенің хатшысы қызметіне тұрып, өзінің негізгі еңбегін б.з.б. 92 ж. жазып бітірді. Бұл шығармада көне замандағы Аңыздарда ғана айтылатын Хуан-ди императордан бастап, замандасы У-ди император билігінің аяқ кезіне дейінгі 24 ғасырлық тарихи оқиғалар баяндалған. Еңбек 130 тараудан тұрады, 528 мың иероглифті қамтиды. “Ши цзи” бес үлкен бөлімнен: әулеттер, текті отбасылар жылнамасы, генеологиялық тізімдер, сондай-ақ дәстүрлер, күнтізбелер, астрономия, экономика, география, суғару жүйелері туралы трактаттар мен көптеген тарихи тұлғалардың өмірбаяндарынан тұрады.

Сондай-ақ шығармада Рим, Жерорта теңіз жағалауы елдері, Иран, Орталық Азия және Таяу Шығыс елдері, т.б. халықтардың тарихи географиялық, этнографиялық, саяси құрылымдары, т.б. туралы мәліметтер мол. Әсіресе, Қытайдың батысындағы көшпелі суннуларға (ғұндар) айрықша тоқталып өтіп, олардың тұрмысына, салт-дәстүріне, әлеуметтік-саяси, әскери құрылымдарына сипаттама жасайды. Бірақ автор Қытайды қоршап жатқан басқа да халықтармен бірге оларды “жабайылар” етіп көрсетіп, олармен арадағы қарым-қатынасты бұрмалап жазған. Ол Конфуцийдің “Чуньцю” (“Көктем мен күз”) кітабының үлгісімен бүкіл тарихи қолжазбаларды, құжаттарды, мәліметтерді өте мұқият түрде жинақтап отырған. Кейінгі қытай тарихшылары тарихты жазуда Сыма Цянь үлгісін жалғастырды. Сондықтан оны “Қытай тарихының атасы” санайды.

Ғылыми білімі мен өнер табыстары: аспан картасы, даосизм, шайдың шығуы, құбыллама, сейсмограф, оқ-дәрі жасау.

Қолданылған әдебиет:

1. Мәдениеттану: жоғарғы оқу орнындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. Алматы: Раритет, 2005. - 416 бет.

2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.

3. Ежелгі Шығыс философиясы. Алматы, 2005 жыл.

4. Л. С. Переломов. Кун-фу-Цзы. Лунь-юй. Москва, 1998 жыл.

5. Драч Г.В. Культурология. — Ростов-н/Д., 1995. — С. 308)

6. Қытай елінің көне ағартушылық тарихы. Чын Гуан Чүн. 1986 жыл.

УДК 94:[323+338](510)«1951/1962»

ПОЛИТИЧЕСКАЯ И ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ В КНР НАКАНУНЕ КУЛЬТУРНОЙ РЕВОЛЮЦИИ

Копбаева Акбота Бирликкызы

akbota-7@mail.ru

студент 4-го курса специальности «5В020900 - Востоковедение»

Факультета международных отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан